

ӘОЖ 348.88

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ГАЗЕТІНІҢ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАНРЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (2005-2008 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА)**

Қойшыбек Кәмшат Талғатқызы

Kamshat.koishybek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Г.Ш.Әшірбекова

«Қазақ әдебиеті» газетінің алғашқы саны 1934 жылы 10 қаңтарда жарыққа шықты. Өртүрлі жылдары газетке Ғабит Мүсірепов, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Әбділда Тәжібаев редакторлық етіп, оның дамуына өлшеусіз үлес қосқан. Басылымның басты мақсаты халықты сиясы кеспеген қазақ әдебиетінің шығармаларымен және мәдениет, өнер саласының жетістіктерімен таныстыру болатын. Газет бірінші нөмірінен бастап көлемді ағарту жұмыстарын жүргізді. Қазақ әдебиеті арқылы оқырмандар ақын жазушылардың алғашқы шығармаларымен танысып, талантты мәдениет және өнер қайраткерлерінің есімдерін білді. Алмағайып кезеңдерде елдің әдеби айнасына айнала алған «Қазақ әдебиеті», тәуелсіз Қазақстанда да айрықша қызмет жасады. Басылымға осы жылдар аралығында Ұлықбек Есдаулет және Жұмабай Шаштайұлы редакторлық еткен. Бұл қаруы мықты қаламгерлер Ғабит, Бейімбет аталарымыз мұрагерлікке қалдырған басылымда қалыптасқан игі дәстүрлерді жалғастыра алды. Оған дәлел газеттің біз зерттеген тәуелсіздік кезеңінің екінші он жылдығындағы материалдары. Аталған газеттің мазмұнын талдау арқылы 2001-2008 жылға дейінгі 10 нөмірін, 56 мақаласын сараладық. Зерттеу мақалалары кездейсоқ іріктеу әдісіне негізделіп таңдалған. Осы кезеңдерде газеттің Мәселе, Тіл, Әдебиет, Мемлекет, Қоғам айдарларында маңызды тақырыптар көтерілген. Мәселен, 2005 жылдың № 27 санындағы Тіл айдарында «Кемсітушіліктен құтқарудың төте жолы» мақаласында : *«Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың атқарушы органдарда іс жүргізуді келер жылдан бастап мемлекеттік тілге көшіру жөнінде жуықта қабылдаған қаулысы тек байырғы астананың ғана емес, тіпті бүкіл Республика жұртшылығы үшін айтарлықтай жаңалықтардың бірі болды. Қазір жұрт арасындағы әңгіменің өзегі де тіл мәселесіне ойысқандай»*- делінген [1]. Газеттің бұл материалынан мынадай жайлар анықталды. Сол жылдары Иманғали Тасмағамбетовтың атқарушы органдар мемлекеттік тілде қызмет етуге көшетіні туралы қаулысы қоғам пікірін екі түрлі қалыптастырады. Біреулер Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін билік орындарының қазақ тілінде қызмет атқаруға мүмкіндігі мол десе, екіншілер мемлекеттік жұмыстардың қазақ тілінде жүргізілуі басқа ұлттарды кемсітушілік деп шошынады. Автор мәселені талдай келе елдің іс жүргізуі қазақшаға көшуі, басқа тілде қызмет көрсетуге тыйым салу еместігін жазып өтеді. Сондықтан, өзге ұлттар кемсітушілікке ұшырайды деу жай ғана сылтау екендігін айтады. Сондай-ақ өз елімізде өз ана тілімізді кемсітушіліктен құтқарудың төте жолы Алматы әкімінің бастамасының қолдау табуы деп хабар сөзін қорытындылайды.

Ал осы нөмірдің бірінші бетінде тарих ғылымының докторы, профессор Бүркітбай Аяғанның «Көршінің көңілінде не бар екен?» атты мақаласының өзегі заңсыз миграция жайы еді: *«Ұлтымыздың санын көбейте алмай отырғанда, шеттен жете алмай жатқан қандастарымызға аз ғана квота беріп, қол қусырып отырған Үкімет заңсыз миграцияға неге тосқауыл қоймайды? Біздің көші-қон полициямыз, құқық қорғаушы органдар(Бас прокурор Р.Түсіпбеков), шекарашылар, Ұлттық қауіпсіздік не ойлап отыр?»*-дей келе осы жағдайдан шығудың жолдарын ұсына кетеді: *«Менің көзқарасым бойынша, ұлы көршімен ынтымақтастық жөніндегі кез келген бағдарламаны (әрине, әскери саладан басқаларын) әуелі кең көлемді талқылаудан өткізу қажет*

Екіншіден, шетелдік жұмысшы күшін әкелуді шұғып шектейтін заңдар мен басқа да арнайы құжаттарды парламенттік деңгейде қабылдау қажет..» -деп жазған [2]. Яғни мақаланың авторы қытайлардың республикаға қаптап кеткендігі жөнінде сөз қозғап, елдің демографиялық бейнесіне алаңдайды. Осылайша ертедегі жыраулар қатер төнгенде қалың ел мен билеуші сұлтандарды дер кезінде сақтандырғандай, авторда мәселені жақсы білетін билік өкілдерін шарасыз отырмауға шақырады.

Ендігі 2005 жылдың 26 нөмірдегі «Талапкер талабы тасқа соғылмасын» материалында сол жылдары қабылданған білім реформаларының оң және теріс әсері туралы баяндалған: *«Қоғамнан қолдау таппағанымен Ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесінің ағымдағы жылы да қолданысқа енгені белгілі. Бұл нені меңзейді? Ғылым және білім министрлігі ендігі уақытта аталмыш реформамен жұмыс жасауды жалғастыра береді деген сөз. Былтыр экс-министр Ж.Күлекеев мектеп бітіруші түлектердің ҰБТ-і тапсыратынын хабарлағанда ілешала республикалық мерзімді баспасөз беттері мүйізі қарағайдай ғалымдар мен бүгінде беделі төмен, жалақысы аз мұғалімдердің наразылық хаттарына толып кеткен. Қоғамдық айтыс-тартыстан көбіне бойларын алышақ ұстап жүретін ғалымдардың «жеті өлшеп, бір кесіп» айтқан дәйекті тұжырымдары ҰБТ-нің кейбір кемшіліктеріне көзімізді жеткізген болатын. «Директорға қарсы келсем, жеп отырған нанымнан қағылам» деп қаймығатын ұстаздар қауымының да министр реформасына байланысты жаңайқайы жанды еді.»* [3]. Сондай-ақ автор бұл жазбада тест кітапшасының сапасы, грант санының қазақ және орыс бөлімдеріне теңдей бөліну мәселелерін де қарастырады. Өз материалында көтерілген проблемалар алдағы уақытта Білім және ғылым министрлігі тарапынан оң шешімін тапса екен дейді. Бірақ баршамызға аян қанша министр ауысып, ҰБТ өзгеріске ұшыраса да бұл мәселе әлі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Газеттің 2008 жылы 3 қазандағы санында «Қаламақы: қай уәдеге сенеміз?» мақаласы жарыққа шығады. Оның мазмұнында: *«Құдайға шүкір, біздің әдебиет- кез келген халықтың жасампаздығымен үзеңгі қағыстыра алатын іргелі де бай әдебиет. Егер оны бағалай,бағамдай алмасақ, басқаға емес, өзімізге сын. Ендеше, Тәуелсіздіктің таңы атқалы тағдырлары нарықтың талауына түскен қаламгер қауымның жай-күйін ойлар кез әлдеқашан жеткен. «Өтпелі кезеңнен» ілдалдалап жүріп өтсек те, экономикамыз аяғынан тұрып, жағамыз бүтінделген күнге аяқ бассақ та, еліміз руханиятының ілгері басуына бар күштерін салып келе жатқан қаламгерлердің әлі күнге дейін жазғаны құнсыз, маңдай тері нұлсыз болатыны неліктен? Әлде мемлекетке әдебиеттің керегі жоқ па?»*- делінген [4]. Бұл жазбаның көтерген басты проблемасы мемлекет тарапынан көркем әдебиетке дұрыс қаржы бөлінбей отырғандығы еді. Себебі, газеттің 2007 жылы 51 нөмірінде ҚР Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік- саяси бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарған Әлібек Асқаровпен басылған сұқбатта қаламақы ставкасын әр баспа табағына 100 мың теңгеден өрлетсе деген тапсырма министрлікке берілгенін айтқан болатын. Сондай-ақ, сол кездерде ҚР Мемлекеттік хатшысы Қанат Саудабаевтың да жазушылар шығармасына бір баспа табағы үшін 50 мың теңгеден жоғары қаламақы төленетін болады дегені біраз газеттердің бетіне шыққан еді. Алайда осы мәлімдемелерден кейін қаламақыға төленетін қаржы көлемі еш өзгермейді. Сондықтан автор өз материалында осы уәделердің ешқайсысы әлі күнге дейін орындалмай, желге ұшып жатқанына көңілі түседі.

Міне осылайша Қазақ әдебиеті салалық басылым болғанымен атап көрсеткен жылдары тіл, әдебиет, дін, білім тақырыптары бойынша мәселелерді батыл қозғай білген. Газеттің бұл сандары 13 мыңнан астам таралыммен шығатын.

Ал енді аталмыш газеттің жанрлық портретін жасасак. *Баспасөздің тарихи даму үрдісінің нәтижесінде жарияланымдардың мақсатына байланысты қандай да бір пішінде қолданылатын мәтіннің түрлері қалыптасты, дамыды және қабылданды. Құрамына мазмұндық, стилистикалық, құрылымдық-логикалық, проблемалық мақсатты белгілерді топтастырған БАҚ материалының түрі жанр деп аталады. Жанр атауы ерте кезеңдерден белгілі және өнердің салаларына қатысты қолданылған, кейіннен журналистика саласында да көң қолданысқа ие болды. Журналистика теориясында жанрлар дәстүрлі үш топқа бөлінеді.*

1) *Ақпараттық жанрларға: хабар-ошар, репортаж, есеп, сұқбат т.б. жатады. Бұл жанрдың негізіне дерек, оқиға алынып, жедел түрде оқырманға жеткізіледі. Бұл кең таралған жанрлар журналға қарағанда газет беттеріне, телерадио материалдарына лайық саналады.*

2) *Талдамалы жанрларға: хат, корреспонденция, мақала, рецензия, шолу т.б. жатады. Мұнда тек ақпарат беріліп қоймай, болған оқиға, құбылыс кең көлемде қамтылып, талданып, мәселеге терең зерттеу жүргізіледі.*

3) *Көркем-публицистикалық жанрларға: суреттеу, очерк, фельетон, памфлет т.б. жатады. Жанрлардың бұл тобында жеделдік екінші орынға шығады. Керісінше, көркем бейнелеулер, образдылық, эмоционалды әрекет арқылы оқырманға әсер ету бірінші орында тұрады [5].*

Қазақ әдебиетінің алғашқы беттерінде көбінесе ақпараттық жанрларға басымдық берілген. Мысалы, Жетіген айдарында аптаның соңғы жаңалықтары, заметкалар, шолулар басылып отырған: *«29 мамыр күні Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының 50 жылдық мерейтойына байланысты және журналистер күніне орай, жыл бойы Академияның тыныс-тіршілігін баспасөз беттерінде насихаттаған журналистер арнайы дипломмен марапатталды.» [6].*

«Өткен аптада Тәуелсіздігіміздің 15 жылдығына орай ана тіліміздің бүгінгі таңдағы қолданыстағы жайттарын жырға қосып, Желтоқсан көтерілісінің ащы тұстарын жырға қосқан жыр дүлдүлдерінің айтысы болып өтті. Сонымен, Алматы қаласы Әкімінің қолдауымен өткен жыр додасында Бас жүлдені тараздық Күмісай Сәрсенбаева жеңіп алса, бірінші орын Айбек Қалиевтің еншісіне тиді.» [7]. Бұлардың мазмұнында бір-екі жолақтың өзінде толық деректер қамтылған. Белгілі мәселелерге байланысты сын да, баға да таппайсың. Тек мәтіні 150-200 сөзден құралып, жаңа оқиға туралы қысқаша хабарлаған. Бұл жанр жаңалық хабарларының жиынтығы болып, көбінесе деректің уақытын, орнын көрсетеді.

Сондай ақ, газетте қаланың мәдени өміріне көп көңіл бөлінген, оның жолақтарында әртүрлі хабарландырулар жиі кездеседі: *«18-19 желтоқсанда Республика сарайында Қазақстанның халық артисі Мақпал Жүнісованың шығармашылығына 25 жыл толуына орай ән кеші өтеді. Басталуы сағат 19.00-де. Билеттер Республика сарайы мен «Қазақконцерт» кассаларында сатылады.» [7].*

«25-желтоқсан күні сағат 19.00-де Республика сарайында Қазақстанның халық артисі. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алтынбек Қоразбаевтың жұлдызды шәкірттерінің концерті өтеді. Кешке «МузАРТ» тобы, Тоқтар Серіков, Бейбіт Сейдуалиева, Алма Аманжолова, «Қиял» және «Тарлан» топтары қатысады. Билеттер Республика сарайы мен «Қазақконцерт» кассаларында сатылады.» [7]. Бұл афишалар ақпараттық әрі жарнамалық функцияны қоса атқарады. Олардың басты ерекшелігі мәтінінде экспрессивті тілдік құралдарды қоданып, ресми стильмен өзгешеленеді.

Басылымда мемлекеттік маңызы бар жиналыстарды баяндап тұрған есеп жанры да бар. Оның 2006 жылғы нөмірінде сол кездегі Алматы әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың есебі жарияланады: *«Бір жылда ғана қала бойынша өнеркәсіп өнімі 19 пайызға, тарту 4*

пайызға, тұрғын үйлерді пайдалануға беру 1,7 есе, салықтар мен төлемдерді жинау 3,4 есе артқан. Былтыр экология, көріктендіру және әлеуметтік мәселелерген қосымша 12 млрд, теңге берілді. Сондай-ақ, тұрғындардың орташа жалақысы былтырғыға қарағанда 22 пайызға өсіп, 47 мың теңгені құраса, жұмыссыздық деңгейі 0,7 пайыз ғана болған. Экономикалық салада 14 мың жаңа жұмыс орны ашылған» [8]. Есеп жанры репортажға ұқсағанымен, өзінің субъективті хабар беруімен ерекшеленеді. Ол баспасөзге саясат пен экономика әлемінен келген. Аталмыш салалардың маңыздылығын ескерген бұқаралық ақпарат құралдары олардың жұмыс нәтижесін көпшілікке ұсынып отырған. Қазақ әдебиеті де қоғамның тұтастығының сақталуына өз үлесін қосу мақсатта билік өкілдерінің жиындарынан халыққа ең керекті фактілерді жариялаған.

Сұқбат жанрын басылымның тек бірнеше нөмірінде ғана іздеп табуға болады. Әр нөмірінде көбінесе сұқбат- сауалнамалар беріліп тұрмаса, проблемалық сұқбаттар саны аз. Біз зерттеген нөмірлерде осы жанрға жататын 2006 жылдың 10 ақпанында «Абай ескерткіші Мәскеуде орнатылуда» атты Қазақстан Дизайнерлер одағының төрағасы Тимур Сүлейменовпен және 2008 жылдың 11 қаңтарында жарық көрген Павлодар облысының әкімі Қайрат Нұрпейісовпен «Өндірісті өңірдің өркендеуі- баянды болашақ бастауы» атты көлемді сұқбаттарды кездестірдік.

Көркем публицистикалық жанрлардың тобынан бірнеше эссе, әңгімелерге көзіміз түсті. 2006 жылдың 10 ақпанында Қоғабай Сәрсекеевтің Есләм Зікібаев пен Сейітбек Нұрхановқа арнаған «Екі Эссе» атты материалы жарияланады. Онда жазушы есімдері аталған тұлғалармен байланысты естелігімен бөліседі: *«Есләмді ертеден білем, ақ жарқын, тамаша жігіт еді ау! Ақындығы да бір басына татитын, ешкімнен кем жазбайтын-ды, бірақ өзінің ешқандай «сүйеу балдағы» болмады да ел қатарлы, басқадай біреулерше дәріптелмеді, тірлігінде мақтау сөзді аз естіді, бұған өзі де қарсы еді, жұлқынып сұранбайтын, маған оның осы тіленбейтіні ұнаушы еді.»* - деп ақын туралы айта кетіп, Сейітбек ағасы жөнінде де әңгімесін жалғастырады: *«Секеңнің бір сүйсінерлік қалпы кісіге «білгішсініп» жол көрсетпейді, бар жөн-жосығын айтпай танытады, оның өзінде білімсіздеу, бәрін емеурінмен білдіреді. Мен осы жағын байқау жүрдім де әр кездескенде Секең сөзіне, әңгімесіне құлақ түруге ынталы болдым. Ұзақ көрмесем сағына жүрем. Аңсаймын. Бір зат жазар алдына ақылдасқым кеп тұрады.»* [9]. Бұл мақала эмоционалды қанықтылығымен, сондай-ақ автордың шындықты жалпылау тереңдігімен өзгешеленеді. Бұл жанр ақпаратты жай ғана формада бермей, әдемі экспрессивтік құралдармен жеткізуге тырысады. Осы орайда автор деректі мәтіндер жасайтын публицист болса да, кейбір көркемдік бейнелеу әдістерін қолданады.

Поэзия айдарында Жәния Әшенқызы, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Мұрат Бекей, Мағираш Серікқызы, Есей Жеңісұлы, Бақытжан Абызов, Нұрғожа Ораз сияқты ақын-жазушылардың өлеңдерін жиі кездестіреміз. Кейде олардың шығармаларына газеттің 2-3 беті арналатын болған.

Ал Жаңғырық, Мәселе, Қоғам тұрақты айдарларында фоторепортаждармен бірге берілетін көлемді аналитикалық мақалалар басылып тұрған. Мысалы, 2005 жылдың 28 қаңтарында «Деректануға дәйектілік керек», сол жылдың 1 шілдесінде «Қазақ балалар әдебиеті қазақ ертегілерінен ғана құрала ма?», 2006 жылдың 26 мамырдағы санында « Ер бағасы- құнында», 2008 жылдың 3 қазанында «Соңғы куә» сынды мақалалардың мазмұнындағы мәселелерге авторлар кеңінен сараптама жүргізген. Мұндай талдамалық материалдардың берілуі, басылымның елдің басқа да салаларына бей- жай қарамайтындығының белгісі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Боқаев Қ. «Кемсітушіліктен» құтқарудың төте жолы.// Қазақ әдебиеті № 27, 2005
2. Аяған Б. Көршінің көңілінде не бар екен?// Қазақ әдебиеті № 27, 2005
3. Мантаева А. Талапкер талабы тасқа соғылмасын.// Қазақ әдебиеті №

26, 2005.

4. Таңжарық Т. Қаламақы: қай уәдеге сенеміз?// Қазақ әдебиеті №40,2008.

5. Шындалиева М. Публицистика жанрлары мен пішіндері: Оқу құралы.- Астана: ЕҰУ АББ, 2012.-325 б.

6. Қазақ әдебиеті №26 (2926) 01 шілде, жұма 2005 ж.

7. Қазақ әдебиеті №50 (3002) 15 желтоқсан, жұма 2006 ж.

8. Боқаев Қ. Міндетіміз- Алматыны ХХІ ғасыр қаласына айналдыру.// Қазақ әдебиеті №6, 2006.

9. Сәрсекеев Қ. Екі эссе.// Қазақ әдебиеті №6, 2006.